2005 жылдан 2015 жылдар аралығында іске асырылған екі мемлекеттік бағдарлама шеңберінде денсаулық сақтау жүйесі кең көлемде жаңғыртылды. Емдеу процесінде жаңа технологиялар белсенді қолданыла бастады. Ауруды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік беретін Ұлттық скринингті бағдарлама енгізілді. Бірыңғай ұлттық денсаулық сақтау жүйесі жұмыс істейді. Фертильді жастағы әйелдер, жүкті және ауыр жағдайда жатқан науқастар тіркелімі жасалды. Тиісті және шұғыл медициналық

көмек көрсету үшін ескерту және іс-қимыл алгоритмінің кестесі қабылданды.

Өмір сүру ұзақтығының шамамен 3 жылға ұзаруы, қазақстан халқының, оның ішінде ана мен нәресте өлімі деңгейінің төмендеуі «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі нәтижесі болып отыр. Мәселен, 2015 жылдың қорытындысы бойынша өмір сүру ұзақтығы 72 жасты құрайды.

Осындай жағымды өзгерістерге қол жеткізуге өлімнің негізгі себептері болып табылатын ауруларды (қан айналымы





жүйесінің ауруы, қатерлі ісіктер, жарақаттану, ана мен нәресте өлімі) алдын алуға, ерте анықтауға және уақтылы емдеуге бағытталған кешенді шаралар үлкен әсерін тигізді.

Қан айналымы жүйесінің ауруын (ҚЖА) белсенді анықтау нәтижесінде ҚЖА-дан болатын өлім көрсеткіші 2011 жылғы 309,6-дан 2015 жылғы 193,8-ге дейін төмендеді.

Онкологиялық ауруларды ерте анықтауға, химиялық препараттармен қамтамасыз етуге, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған іс-шаралар 100 мың халыққа шаққанда қатерлі ісіктен өлім көрсеткішін 2011 жылғы 102,4-тен 2015 жылы 92,0-ге дейін төмендетуге мүмкіндік берді.

Әйелдердің репродуктивтік денсаулығын нығайтуға бағытталған, оның ішінде профилактика жүргізу, ауруларды ерте анықтау және оларды сауықтыру бойынша іс-шаралар жалғасуда.

Мемлекеттің денсаулық сақтау саласындағы саясатының жалғасы ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2016 жылғы 15 қаңтарда «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы (Мемлекеттік бағдарлама) бекітілді. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты - еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету.

Бұл бағдарлама 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша іске асырылған міндеттердің сабақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Оны іске асыру - халықты жалпы қамту қағидаттарын сақтай отырып, адамдардың қажеттілігіне, сапалы медициналық көмекке қолжетімділікті және денсаулығы үшін ортақ жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағдарланған денсаулық сақтау жүйесінің динамикалық дамуына септігін тигізеді. Ең алдымен, ол кез келген мемлекеттің ең басты байлығының бірі - адам әлеуетін іске асыруға бағытталған.

Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді ескере отырып, денсаулық сақтау саласын одан әрі дамытуға негізгі тәсілдер әзірленді, ол 2019 жылға дейінгі Мемлекеттік бағдарламаның негізі болып табылады.

Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру 7 бағыт бойынша жүзеге асырылатын болады:

1. Халықтың денсаулығын сақтаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту;
2. Медициналық-санитариялық алғашқы көмекті жаңғырту және басымды дамыту негізінде халықтың қажеттілігі айналасында денсаулық сақтау саласындағы барлық қызметті ықпалдастыру;
3. Сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз ету;
4. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жөнінде ұлттық саясатты іске асыру;
5. Ортақ жауапкершілікті енгізу және оның қаржылық тұрақтылығын арттыру негізінде денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру;
6. Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды басқару тиімділігін арттыру;
7. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі және заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

Денсаулықтың негізіне репродуктивтік денсаулық кіретінін айта кеткен жөн. Бұл бағыт ұлттың болашағын анықтау кезінде маңызды болып табылады. Фертильді жастағы адамдардың денсаулығы, олардың әрекетке қабілеттілігі, ананың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – халықтың әл-ауқаты үшін маңызды аспектілер болып табылады.

Оң нәтижелер статистикамен нақтыланады. Мәселен, ана өлімінің көрсеткіші 100 мың тірі туғандарға шаққанда 2011 жылмен (17,4) салыстырғанда 28,2 %-ға төмендеп және 2015 жылы 12,5-ті құрайды. Нәресте өлімінің көрсеткішін 1000 тірі туғандарға шаққанда 2011 жылмен (14,84) салыстырғанда 36,9 %-ға төмендеп және 2015 жылы 9,37-ні құрайды.

Денсаулық сақтау саласында жасалған жұмыстардың оң нәтижесі балалар тууының тұрақты өсуімен байқалып отыр. Егер 2003 жылы елімізде 248 мың бала туған болса, онда 2015 жылы бұл цифрлар 400 мыңға жуықтады. Туу коэффициенті үнемі өсуде, көрсетілген кезеңде 2015 жылы 1,4 есеге немесе 1 мың халыққа шаққанда 22,7-ге өсті.

Қазақстанда қазіргі уақытта ана болуды көтермелеу, отбасы денсаулығын сақтау және нығайтудың



әлеуметтік-экономикалық тиімді механизмдері және басқа негіз бойынша басты бағытта нақты көрсетілген халық денсаулығын сақтау жөнінде мемлекет саясатының мықты фундаменті құрылған. Сондықтан денсаулықты, оның ішінде репродуктивтік денсаулықты нығайту мақсатында өз денсаулығына дұрыс күтім жасау үшін азаматтардың дағдыларын арттыру және оларды отбасы мәдениетіне тәрбиелеу, отбасы институтын нығайту қажет.

2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада халыққа медициналық көмек 864 аурухана және 2 852 амбулаториялық-емхана ұйымдарында көрсетіледі.

Ауыл халқына медициналық көмек 143 орталық және аудандық ауруханаларда, 61 ауылдық учаскеде және ауыл ауруханаларында, 1 585 дәрігерлік және отбасылық-дәрігерлік амбулаториясында, 4 060 фельдшерлік-акушерлік және медициналық пунктте көрсетіледі.

Сонымен қатар, Қазақстанда акушерлік-гинекологиялық қызмет бүгінгі күні 18 перзентхана, 26 перинаталдық орталықта, 375 облыстық, қалалық, орталық аудандық ауруханалардың бөлімшелерінде, 759 әйелдер консультациясында және емханалардағы кабинеттерде ұсынылады. Елімізде төрт мыңнан астам акушер-гинеколог дәрігерлер қызмет етеді, яғни ана мен бала денсаулығына күтімді кәсіби маман қызметкерлер көрсетеді.

Сонымен бірге, денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуді қарастыратын, 2020 жылға дейінгі денсаулық сақтауды дамыту мемлекеттік бағдарламасы жобасына бағытталған маңызды мәселені атап өту қажет.

Елбасының тапсырмасы бойынша 2018 жылдан ба-

стап Қазақстанда денсаулық сақтау ұлттық жүйесінің тиімділігін арттыру және тұрақтылығын дамыту үшін халық пен жұмыс берушілердің жауапкершілігін дамыту мақсатында, кезең-кезеңмен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) енгізілетін болады, оның шеңберінде сақтандырылған азаматтарға амбулаториялық-емханалық көмек, амбулаториялық дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету; стационарлық медициналық көмек; жоғары технологиялық медициналық қызметтер, стационар алмастырушы технология; ұзақ мерзімді мейіргерлік күтім ұсынылатын болады.

МӘМС жүйесі мемлекеттік, жұмыс істейтін халықтың, жұмыс берушілердің және өздігінен жұмыс жасайтын халықтың міндетті сақтандыру төлемінен құралатын болады.

МӘМС туралы ҚР Заңының 28-бабы 4-тармағына сәйкес азаматтар санатының бірқатары қорға жарна төлеуден босатылады, оның ішінде балалар; көп балалы аналар; Ұлы Отан соғысының қатысушылары және мүгедектері; мүгедектер; жұмыссыз ретінде тіркелген, интернаттық ұйымдарда оқитын және тәрбиеленетін адамдар, орта, техникалық және кәсіби, ортадан кейінгі, жоғары білім беру ұйымдарында ішкі нысанда, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі резидентура нысанында оқитын адамдар; бала тууына байланысты, баласы үш жасқа толғанға дейінгі демалыстағы адамдар; зейнеткерлер; әскери қызметкерлер және т.б.

Бұл ретте жаңа Мемлекеттік бағдарлама Елбасының 2050 жылға дейін Қазақстанның әлемнің 30 дамыған мемлекеттер қатарына кіруі және өмір сүру ұзақтығын 80 жасқа дейін арттыру бойынша алға қойған міндеттерін іске асыруға мүмкіндік береді.



«ОТБАСЫМ» *означает моя семья*

СОВРЕМЕННОЕ ОБЩЕСТВО НУЖДАЕТСЯ В ВОССТАНОВЛЕНИИ ТРАДИЦИОННЫХ ЦЕННОСТЕЙ, ВКЛЮЧАЮЩИХ БЕРЕЖНОЕ ОТНОШЕНИЕ К СЕМЬЕ, ПРОПАГАНДУ СЕМЕЙНОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ. ИСТОРИЯ СЕМЬИ – ЭТО ЖИВАЯ ИЛЛЮСТРАЦИЯ К ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ: ТОРЖЕСТВЕННОЙ И РАДОСТНОЙ, ПЕЧАЛЬНОЙ И СТРАШНОЙ. ОСОБЕННО ПЕРСПЕКТИВНОЙ В ФОРМИРОВАНИИ ЦЕННОСТИ СЕМЬИ ЯВЛЯЕТСЯ СТУДЕНЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖЬ, СТОЯЩАЯ НА ПОРОГЕ ЖИЗНЕННОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ, ТАК КАК ЦЕННЕЙШИМ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКИМ ПРИОБРЕТЕНИЕМ ЮНОСТИ ЯВЛЯЕТСЯ ОТКРЫТИЕ СВОЕГО ВНУТРЕННЕГО МИРА, ПРИОБРЕТЕНИЕ ЖИЗНЕННО ВАЖНЫХ ЦЕННОСТЕЙ И ВЗАИМО-ОТНОШЕНИЙ С ОКРУЖАЮЩИМИ, БЛИЗКИМИ, САМИМ СОБОЙ.

В современной действительности достаточно часто меняются представления молодых людей о ценностях, в том числе и ценностях семьи. Для разрешения важных вопросов проблем воспитания, неустроенности в жизни, суицидальной обстановки среди молодежи, дефицита нравственного и духовного воспитания директором Алматинского государственного бизнес-колледжа Гульфайруз Касымовой был создан клуб «Отбасым». В клубе стали проводиться мероприятия и тематические встречи, такие как «Отбасым - ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», «Создание уюта в доме: с чего начинать?» и многие другие.

Программа клуба «Отбасым» разработана и представлена директором первого «Института семьи Казахстана и Центральной Азии» Акботой Базарбаевой. Являясь организацией, непосредственно заинтересованной в пропаганде семейных ценностей, Институт семьи стал постоянным организатором уже неоднократно успешно апробированных модулей воспитательных платформ. Так, в Алматинском государственном бизнес-колледже при сотрудничестве с первым «Институтом семьи Казахстана и Центральной Азии» и с Центром Национальных Ценностей «Отбасым» проведен первый поток обучения уникального проекта «Отбасым 2015-2016». Основной целью проекта является формирование в сознании обучающихся духовно-нравственного мировоззрения, знаний основных ценностей национальной и мировой культуры, понятий семейных ценностей, толерантности, жизненно-необходимых навыков для семейного благоустройства и для успешной жизни в целом. По программе проекта «Отбасым» охвачены следующие темы:

«Формирование характера человека», «Самооценка человека», «Развитие потенциала, талантов и лидерских качеств», «Финансы. Управление бюджетом», «Мода и стиль. Имидж», «Подготовка к супружеской жизни. Период ухаживания», «Методы разрешения конфликтов», «Здоровье, ЗОЖ и правильное питание. Уход за собой», «Гостеприимство, международный опыт», «Кинофорум. Заключение».

Проект уникален сразу по нескольким причинам. В первую очередь, это возможность для тысячи молодых девушек и юношей получить основные и фундаментальные знания при формировании характера, знания, которые позволят им вступить во взрослую жизнь, освоить востребованные профессии. Ребята учатся развивать в себе лучшие черты личности, потенциал, не останавливаться на достигнутом. Основой основ любого человека является самооценка, от которой в жизни зависит все.

Вторым важным моментом данного проекта является то, что набор студентов проходит на конкурсной основе, чтобы ребята были заинтересованы в собственном выборе и обучались с большим желанием. Для развития самостоятельности и ответственности в начале проекта студентам выдается календарный план. Студенты сами контролируют свое посещение занятий.

Следующий многозначимый этап проекта – встречи с выдающимися и успешными людьми из разных сфер бизнеса, в рамках которых студенты узнают о секретах бизнеса и принципах успешности, методах разрешения конфликтов, секретах имиджа, красоты и здоровья, о подготовке к семейной жизни, о кулинарии и секретах гостеприимства.



На кинофоруме обсуждаются принципы успешности в реальной жизни.

После прохождения проекта студенты получают сертификаты.

Так, 20 мая 2016 года состоялась церемония торжественного вручения сертификатов первым выпускникам школы «Отбасым», проекта «Основные навыки для успешной жизни!», участниками которой были Секретарь Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК, главный редактор журнала «Отбасым» Шолпан Сыздыкова, представитель Администрации Президента РК, президент АО «Өрлеу», заместитель председателя комиссии по делам женщин города Алматы Гульнас Ахметова, председатель клуба «Астана-Байтерек», член Ассамблеи народа Казахстана Тамара Лавриненко.

По итогам первого потока обучения проекта «Отбасым» 63 студента получили сертификаты об успешном обучении и стали волонтерами проекта. По результатам независимого опроса самого проекта можно утверждать, что данный опыт показал свою эффективность. Выпускники уже способны на практике построить свою жизнь с учетом требований современности и при этом, не утратив значимости семьи, как ячейки общества.

Участники встречи пришли к выводу, что практику внедрения проекта «Отбасым» в учебных заведениях

можно внедрить во всех колледжах Казахстана.

Новый набор состоялся в сентябре и завершится в декабре 2016 года. Уже набраны две группы. Первая – «Отбасым-2», состоит из 31 студента, осваивает программу «Навыки успешной жизни», вторая «Отбасым-3» из 30 человек - «Успешные строят крепкие семьи».

Таким образом, объединив свои усилия, мы сможем решить проблему возрождения духовно-нравственных основ нашего общества, создать все условия для благополучной семейной жизни, воспитания детей и передачи последующим поколениям семейных традиций и ценностей. Ведь успех любого государства связан с успехом семьи. Именно семья является основой общества, определяет его благополучие и развитие. Недаром внимание государства направлено к семье и ее ценностям. Супружеский союз и почитание родителей, материнство и отцовство, взаимное уважение и доверие, верность и любовь – это основы уклада семейной жизни и лучших семейных традиций. Слово «отбасым» имеет глубокий смысл и переводится как «моя семья». Поэтому работа проекта «Отбасым» имеет колоссальный потенциал в будущем.

*Акбота БАЗАРБАЕВА,
руководитель проекта «Отбасым»,
директор Института семьи Казахстана и
Центральной Азии*



СУПРУЖЕСКАЯ ЛЮБОВЬ

УНИВЕРСИТЕТ НАВАРРЫ,
ХАВЬЕР ЭСКРИВАИВЕРС



ВСЕ, ЧТО МЫ ГОВОРИМ О СУПРУЖЕСКОЙ ЛЮБВИ И БРАКЕ, ЗАВИСИТ ОТ ОСНОВНОГО ВОПРОСА:

Что такое брак?

Брак представляется нам как союз мужчины и женщины. Но человек, который наделен изобретательностью, создал другие формы союза между мужчиной и женщиной. Учитывая этот факт, важно суметь обнаружить среди этих форм союза, где есть брак, а где нет брака. Какой союз между мужчиной и женщиной есть настоящий брак, а какой – нет.

Тогда что такое брак?

В кратком изложении, можно сказать, что брак - это союз мужчины и женщины, происхождение которого находится в человеческой природе и формируется в соответствии с ней.

Выходит, что мы можем сказать, что брак присущ любому закону и всякой легализации. Но ни законность, ни легализация не создают и не представляют собой брак; функция закона заключается в регулировании, регламентировании и обеспечении юридической опреде-



ленности тому, что уже существует по своей природе, то есть, браку. И мы объясним эту идею:

– Во-первых, брак – это институт, основание которого мы находим в самой природе человека. Ясно, что мужчина и женщина не являются мужчиной и женщиной по культуре. Тот факт, что существуют мужчины и женщины, – это уже естественный факт.

СИМОНА ДЕ БОВУАР ВЫДВИНУЛА ЛОЗУНГ, ПОПУЛЯРНЫЙ В ФЕМИНИСТСКИХ ДВИЖЕНИЯХ: «ЖЕНЩИНА – ЭТО КУЛЬТУРНЫЙ ПРОДУКТ». Я НЕ ЗНАЮ ТОЧНО, ЧТО ОНА ИМЕЛА В ВИДУ, УТВЕРЖДАЯ ЭТО. НО В ЛЮБОМ СЛУЧАЕ, ЖЕНЩИНА КАК ЖЕНЩИНА И МУЖЧИНА КАК МУЖЧИНА НЕ ЯВЛЯЮТСЯ ПРОДУКТОМ КУЛЬТУРЫ, ОНИ – ОТ ПРИРОДЫ. РАЗНИЦА МЕЖДУ НИМИ ПРОИСХОДИТ ОТ ЧЕЛОВЕЧЕСКОЙ ПРИРОДЫ. ЧТО БЫ ВЫ ПОДУМАЛИ, ЕСЛИ БЫ ВАМ СКАЗАЛИ, ЧТО БЫЛО ВРЕМЯ ЧЕЛОВЕЧЕСТВА, В КОТОРОМ НЕКИЕ БЕСПОЛЫЕ СУЩЕСТВА ЗАДУМАЛИСЬ И ПРИШЛИ К ВЫВОДУ, ЧТО ОБЩЕСТВО БУДЕТ ЛУЧШЕ ОРГАНИЗОВАНО, ЕСЛИ ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ ВИД БУДЕТ РАЗДЕЛЕН НА ДВА ПОЛА? ПОСЛЕ ЭТОГО В РЕЗУЛЬТАТЕ КАКИХ-ТО НЕИЗВЕСТНЫХ КУЛЬТУРНЫХ ПРОЦЕССОВ ПОЯВИЛИСЬ МУЖЧИНА И ЖЕНЩИНА. СМЕШНО, НЕ ТАК ЛИ?

– Во-вторых, мужчина и женщина по своей природе созданы друг для друга, и это проявляется в природно-естественной тенденции соединяться в браке. Союз между мужчиной и женщиной не является культурным изобретением человека, основанным на различии полов. По своей природе мужчина является мужчиной по отношению к женщине, и женщина является женщиной по отношению к мужчине. Таким образом, существует естественная тенденция к союзу, которая отражает сущность: мужчина – для женщины, и женщина – для мужчины.

– В-третьих, эта тенденция подразумевает определенный и конкретный способ союза, который соот-

ветствует тому, что и мужчина, и женщина являются людьми (с некоторыми требованиями справедливости), что они разные и соединяются именно как мужчина и женщина. Различия между мужчиной и женщиной – естественный факт, следовательно, существует и естественная тенденция к их союзу. Очевидно, что дифференциация и тенденция отвечают одному типу естественного союза.

Такого рода союз, который отвечает человеческой природе, в котором мужчина реализуется как человек мужского пола, и женщина как человек женского пола, мы знаем как брак. Другими словами, та форма союза мужчины и женщины, которая соответствует индивидуальности человека, тому, что это мужчины и женщины по природе, – именно это и есть тот союз, который мы называем брак.

Пришло время, чтобы углубиться в вопрос: так что же такое брак. Есть идея, которая мне кажется ключевой: брак не факт, это не факт, что мужчина и женщина живут и ведут себя определенным образом. То, что мужчина и женщина живут как муж и жена в совместной супружеской жизни – это не брак, в любом случае – это следствие брака. Или, если хотите, воплощение брака. Из этого следует, что мужчина и женщина живут вместе как те, которые состоят в браке, но не входят в брак. А этот тип союза, как известно, существуя на протяжении многих веков, получил название и сожительство.

Другими словами, браку, прежде чем действовать, необходимо быть. Поэтому говорится, что мужчина и женщина являются мужем и женой. Об этом мы поговорим далее.







Айнұр Жүгінісова: АТА-ЕНЕМНІҢ СҮЙІКТІ КЕЛІНІМІН

БҮГІНДЕ ЕЛОРДАЛЫҚ АҒАЙЫНДЫ ЖҮГІНСОВТЕР ҚАЛЫҢ ТЫҢДАРМАНЫ БАР, ЕЛДІҢ СҮЙІКТІ ДЕ СҮЙКІМДІ ӘНШІ ҰЛДАРЫНА АЙНАЛЫП ҮЛГЕРГЕНІ КӨҢІЛ ҚУАНТАДЫ. КІШКЕНТАЙ МҰХАММЕДӘЛИ ЖӘНЕ АҒАЛАРЫ РҮСТЕМ МЕН МИРАСТЫҢ ӘНДЕРІ ДЕ САПАЛЫ, САХНАДАҒЫ ОБРАЗЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ДЕ КЕЗ КЕЛГЕН АДАМДЫ ЫНТЫҚ ЕТЕРІ СӨЗСІЗ. ДЕГЕНМЕН, ӘР АЛЫПТЫҢ АРТЫНДА НӘЗІК ЖАНДЫ АРУ – АЯУЛЫ АНАНЫҢ ҮЛКЕН ЕҢБЕГІ МЕН ШЕКСІЗ ҚОЛДАУЫ ЖАТҚАНЫН ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛДЫРУҒА БОЛМАС. ЕНДЕШЕ, БАЛАЛАРЫНА ШЫН ӨНЕРДІҢ КИЕСІН АҚ СҮТІМЕН ДАРЫТЫП, ТА-ЛАНТТЫ ҰЛДАРЫНЫҢ БИІКТЕ ЖАРҚЫРАУЫНА АҚ ЖОЛ АШҚАН, ӨЗІ ДЕ ӨНЕР ДЕСЕ ІШКЕН АСЫН ЖЕР-ГЕ ҚОЯТЫН АСТАНАДАҒЫ ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ ТАНЫМАЛ АКТРИСАСЫ АЙНҰР ЖҮГІНСОВА БҮГІН «ОТБАСЫМ» ЖУРНАЛЫНЫҢ ОҚЫРМАНДАРЫМЕН СЫРЛАСЫП, БАҚЫТТЫ БОЛУДЫҢ ҚҰПИЯЛАРЫМЕН БӨЛІСЕДІ.

«БОЛАШАҚ КҮЙЕУІМНІҢ ДЕМІН СЕЗДІМ»

– Алматыдағы Т. Жүргенов атындағы өнер академиясын үздік тәмамдап, дипломдық жұмыс ретінде бағаланатын қойылымды тамашалауға атан-анам да ауылдан ат терлетіп келген болатын. Қызығы, құр жүрмей, Орал қаласында ашылып жатқан тұңғыш қазақ драма театрының режиссерлерімен танысып, әңгімелері жарасып үлгерсе керек. Олар менің өнерімді жоғары бағалап, сол театрға жұмысқа қабылдауымен қоса, үй беріп

жарылқайтынын айтып, ата-анамды көндіріп қойған екен. Мұны естігенде іштей күйзеліске түскенім рас. Өйткені, құрбы-достарыммен асқақ армандардың жоспарын құрып, өнер ордасындағы болашағымды айқындап қойған едім. Армандарымды қимадым, ақыры оңтүстік астанамызбен қиыла, жылап қоштасқаным есімде. Әйтсе де, үлкендер тек жақсылықтың жол нұсқаушысы екенін ұмытпау керек. Туған елде театрдың келбетіне айналдым. Мықты режиссерлермен жұмыс істеп, өнерімді шыңдай

түстім. Бір күні Батыс Қазақстан облысының есеп беру концертін қоюға өңірдің барлық өнерпаздары болып Алматыға аттандық. Поезда, қонақ үйде, қаншама дайындықта бірі-бірімізді көрмей, бүгінгі жарым – Ерболатпен концертте ғана алғаш көрісіп, танысқан екенбіз. Мен алыста тұрып оның демін сезінгенім әлі күнге дейін есімде. Ол да сол сәт жүрегінде бір сиқырлы үннің сыбыр еткенінайттып, қазір күліп отырады. Бұрындары ұялы телефон болмаған, бірнеше күннен кейін Ерболат мені үйге іздеп келді. Сезімін білдіріп,



сөзін айтқан соң екеуіміз қыз бен жігіт ретінде жайлап кездесе бастадық. Арада бір жыл өткен соң екеуіміз отбасын құрдық, тағы бір жылдан кейін Рүстеміміз дүниеге келді.

«МАХАББАТ ЖАСҚА ҚАРАМАЙДЫ»

– *ЕРБОЛАТ ТАНЫСҚАН КЕЗДЕ МЕНІМЕН ЖАСТЫ ЕКЕНІН АЙТҚАН БОЛАТЫН. ҮЙЛЕНЕРДІҢ АЛДЫНДА ҒАНА ОНЫҢ ЕКІ ЖАСҚА КІШІ ЕКЕНІН БІЛДІМ. ӘЙТПЕСЕ ҚАРАМАЙ ҚОЯДЫ ДЕП ҚОРЫҚСА КЕРЕК. БІРАҚ, БҰЛ ЖАҢАЛЫҚ БІЗДІҢ МАХАББАТЫМЫЗҒА ЕШ КЕДЕРГІ БОЛА АЛМАДЫ. МЕН ӨЗ ЖАСЫМНАН КІШІ КӨРІНЕТІНМІН. ӨЗІМДІ ЕСЕЙТІП КӨРСЕТУ ҮШІН БИИК ӨКШЕ, ӘДЕМІ КӨЙЛЕКТЕР КИЮГЕ ТЫРЫСАТЫНЫМЫН. МҰНЫММЕН ЕРБОЛАТТЫҢ КӨЗІНЕ ТҮСЕТІНІМДІ ҚАЙДАН БІЛЕЙІН... (КҮЛІП).АЛЛАҒА ШҮКІР, БҮГІНДЕ БІЗДІҢ ШАҢЫРАҚ КӨТЕРГЕНІМІЗГЕ 22 ЖЫЛДАН АСЫП БАРАДЫ.*

«ЖОЛДАСЫМНЫҢ ҚОЛДАУЫ ӨНЕРІМДІ ШАРЫҚТАТТЫ»

– Көп актрисалар тұрмысқа шыққан соң өнерден алшақтап, сауда немесе басқа кәсіптерге ауысып кеткенін көрдім. Ерболат та алғашқы кезде өнерден бас тартуға ишара білдірген. Бірақ бір-екі рет менің қойылымымды тамашалап, ол ойынан мүлде айныды. Сонда айтқаны «Айнұр, сен сахнаның адамысың, осы мамандығыңды тастама» деп мені шын қуантқан болатын. Өзінің де өнер қазанында бірге қайнағаны оның бұл шешіміне бірден-бір себеп екені даусыз. Біз шаңарық көтерген жылдары елімізде экономикалық дағдарыс орын алып, алты айлап жалақы алмаған кезеңді бастан өткердік. Бұл жоқшылықтан жанұямызды Ерболаттың өнерді тастап, саудаға бет бұруы құтқарды десем болады. Алыпсатарлықтың арқасында 2003 жылы Астана қаласына көшіп келдік. Тиыннан теңге құрап, осында дүңгіршек сатып алдық. Жолдасым жас жанұямызды асырай отырып, менің өнерімнің өшпей, шыңдалуына барынша қолдау көрсетті. Егер Ерболат мүлде басқа саланың адамы болғанда, бәлкім қазіргідей танымал актриса, «ағайынды Жүгінісовтердің анасы» болып осылай сұхбаттаспас па едім?!

«ПРОДЮСЕР БОЛУ ТҮСІМЕ ДЕ КІРМЕГЕН»

– Балаларымызға өнер әкесінің қанымен, анасының ақ сүтімен дарып тұрғанда, оларды сахнаға шығармау мүмкін емес. Олардың талабы мен талантын көріп тұрып, қолдау көрсетпегеніміз ұят болар. Сондықтан, «Ағайынды Жүгінісовтер» жобасын қолға алып, халықтың жүрегінен орын алатындай сапалы топты дайындауға бекіндім. Біздің қолымыздан келетін басты жұмыс – жас өнерпаздарға дұрыс бағыт-бағдар беру, әрине. Өздерінің шын дарыны болса, әрі қарай өздері-ақ топты жарып шығады емес пе?! Міне, қазір еңбегіміздің текке кетпегені болар, облыстарға концерт беру сапарын бастадық. Жанкүйерлер мен тыңдармандардың көптігін көріп, шын шабыттанып қалғанымыз да рас. Мен продюсер ретінде өзімді елестетіп көрмеппін. Қазір «эстраданың жас жұлдыздарын» дайындауда көп нәрседе көзім ашылып, барлығын алыстан көре білетін қасиетті шыңдадым. Жалпы, өнер адамы әркез ізденіс үстінде жүруі тиіс қой, сәл босаңсудың өзі тоқырауға ұшыратады. Әркез байқауларға қатысып, тек алға қарай ұмтылған Рүстем, Мирас және Мұхамедәли де қазақ сахнасынан лайықты орнын таба алады деп сенемін. Кішкентай Альтаирдың да өнерден алшақ еместігін аңғару қиын емес секілді. Ол да өссе ағаларынан қалыспас, сірә.


«КҮЛІМДЕМЕУГЕ ХАҚЫМ ЖОҚ»

– Көп адам менің әркез күлімдеп жүруімнің себебін сұрап жатады. Бейбіт күннің заманында не үшін күлімдемеуіміз керек?! Мен өмірді түсінген сайын артық қабақ шытудан безінемін. Аллаға шүкір, ата-анам, асыл жар мен бала-шағам қасымда. Жетпейтін дүние жетпей кетер, бастысы рухани байлық емес пе?! Айналама тек мейірім сәулесін төккім келеді. Адамдар бір-бірінен жылулық сезінуі тиіс. Өзім де сол мейірім мен жылулықты өзгелерге сездіргім келеді. Барлығы да сондай болса ғой деп тілеймін. Өмірдің әр сәтін бағалау керекпіз ғой.

«КІШКЕНТАЙЫМ «ТОЙ АНАШЫМ» ДЕП ЕРКЕЛЕЙДІ»

– Үйде бес азаматтың еркесімін деуге болатын шығар. Әсіресе, туған күн, мерекелерде ұлдарым





101 дана раушан гүлдерін сыйлап, тапсырыспен торт әкеліп және өзге де тосын сыйларымен мені ерекше құрметтеп жатады. Ондай сәтте көзіме тіпті жас келеді. Әрине, қуаныштың жасы ғой. Жылы сөздерін айтып, әйтеуір мүмкіндік болса еркелетуден еш аянып қалған емес. Ризамын. Ал, кішкентай Альтаир барлығымыздың еркеміз. Біздің тойдан-тойға жүгіріп жүргенімізді көріп, соңғы кезде «Той анашым» деп еркелеуді шығарыпты. Бұрын жас кезде балаларымызды ата-анамызға таптап жүре беретінбіз, ал Альтаирды бір сәт көрмесек тұра алмайтындаймыз. Тіпті, үлкен балаларыма жүкті кезімде соңына дейін сахнада жүре беретінмін. Жас келген сайын аналық жауапкершілік арта түсе ме, Альтаирда жығылып қалам ба, сүрініп қалам ба деген қорқынышпен демалысқа сахнадан ертерек кеттім.

«БҰЙЫРТҚАНДЫ КҮТІП ЖҮРЕТІН ЖАНМЫН»

– Үйде кішкентай ханшайымымыз болса нұр үстіне нұр болар еді, әрине. Бірақ, қазір жас емеспін. Қанша жылтырап, сырт көзге әдемі болып тұрғаныммен, табиғат өзінікін алады ғой. Сондықтан, жас келгенде іштегі баланың жетілуіне де зияны тиюі мүмкін. Оған қоса, өмірге перзент әкелген соң оны адам қылып кету міндетіміз. Жаратқанның бұйыртқаны осы төрт ұлым шығар. Өзім бұйыртқанды күтіп жүретін жанмын. Анам бұрын «Үйде отыр, бұйыртқан бай өзі келеді» деп ұрысатын. Міне, түнгі клубтарға бармай-ақ, үйде отырып тапқан күйеуім осы болды ғой. Жанұямызға қыз баланы бұйыртпаса, еш ренжімейміз. Ендігі тілегіміз, осылардан немере сүйсек деп отырмыз.

«БОЛАШАҚ КЕЛІНІМДІ АЛАҚАНДА АЯЛАЙМЫН»

– Балаларымның алды ер жетіп қалды. Жақсы, ақылды келін күтіп жүрміз. Егер өнер адамы болса да қарсылығымыз жоқ. Ең бастысы балам сүйсе, баламды сүйсе болғаны. Өйткені, махаббатсыз берекелі, мерекелі отбасы да, есі дұрыс бала да болмайды. Қазір көп жастың құрған шаңырағы шайқалып жататыны есеппен, белгілі талаппен үйленіп жататындығынан деп ойлаймын. Өзім қыз балаларды жақсы көремін. Мөлдіреп тұрған қыздарды көріп сүйсінемін. Болашақ келінімді

де алақанда аялаймын деп ойлаймын. Әдетте келін мен ене арасындағы бітпейтін жанжалдарды естіп жатамыз. Меніңше, екі арадағы қарым-қатынасқа алдымен ене жауапты. Келінді тәрбиелейміз деп, керісінше, ерегестіріп алады көбісі. Менің түсінігімше, «ананы бұйт, ананы сөйт» деп нұқып, шұқып немесе ұрысып ешкімді тәрбиелей алмайсың. Бастысы, үй шаруасы бослын, қарым-қатынас мәдениеті болсын, үндемей жүріп өзіміз үлгі көрсетуіміз қажет. Келін соның бәрін өзі-ақ қайталайды. Әйтпесе, өзіміздің баламыз да кейде сөзімізді тыңдамай жатады ғой. Мен інімнің келіншегің солай тәрбиеледім. Яғни, бұл тұрғыда тәжірибем бар деп мақтана аламын.

«МЕН ҮЛКЕН ЕНЕМІЗГЕ ҰҚСАЙМЫН»

– ЕР АЗАМАТ АНАСЫНА НЕМЕСЕ ӘЖЕСІНЕ ЖАҚЫН БОЛЫП ӨССЕ, ЖАРЫН СОҒАН ҰҚСАТЫП ІЗДЕЙТІН КӨРІНЕДІ. ЕРБОЛАТ ӘЖЕСІНІҢ ТӘРБИЕСІН КӨРІП ӨСКЕН. МЕН АЛҒАШ КЕЛІН БОЛЫП ТҮСКЕНДЕ АТАМЫЗ МЕНІ ӨЗІНІҢ АНАСЫНА ҚАТТЫ ҰҚСАТЫПТЫ. АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ДА СОЛАЙ ШУЛАСА КЕРЕК. ОЛ КІСІ ДЕ МЕН СИЯҚТЫ АШЫҚ, ҚОНАҚЖАЙ, КЕҢПЕЙІЛ АДАМ БОЛЫПТЫ. ӨЗІМНІҢ ЕНЕМ БОЛСА, ӨТЕ САБЫРЛЫ, БАЙСАЛДЫ КІСІ. ӨМІР БОЙЫ ШӘКІРТ ТӘРБИЕЛЕП, ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН. БҮГІНДЕ МЕН АТА-ЕНЕМНІҢ ЕҢ СҮЙІКТІ КЕЛІНІМІН ДЕП МАҚТАНА АЛАМЫН. ҚҰДАЙҒА ШҮКІР, ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЕНЕМ ЕКЕУІМІЗДІҢ АРАМЫЗДАН ҚАРА МЫСЫҚ ӨТІП КӨРМЕГЕН. СОҒАН ҚУАНАМЫН.

«ӨЗ-ӨЗІМДІ ТӘРБИЕЛЕУГЕ МАМАНДЫҒЫМ КӨМЕКТЕСТІ»

– Осы күнге дейін ешкіммен сөз таластырып, ренжісіп көрген емеспін. Әркез адамдардың көңіліне қарап жүремін. Ашуға бой алдырып, әр нәрсеге өкпелеп жүретін адамдардың өзін ақтап алуға тырысамын. Мүмкін, өмірде жолы болмай немесе бір сәтсіздікке жолығып қалған шығар деп жоримын. Дегенмен, әр адам өзінше мықты болуы тиіс. Мына өмірде жеткен әрбір жетістігіміз ниетімізге байланысты. Сол себепті, жүрегіміз таза, іс-әрекетіміз адал болса, айнала да сондай көркем болады емес пе?! Мен әркез өзімді





жақсылыққа тәрбиелеп отырамын. Тіпті, актерлік мамандығым да өнерде де, өмірде де өз-өзімді тәрбиелеуге көмектесті. Әлемді өнердің көзімен қараудың өзі бір шеберлік қой.

«БАЛАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕСІМІН ӨЗІМІЗ ҚОЙДЫҚ»

– Ұлдарымызға есім таңдауда ешкімді араластырмадық. Ата-әжесі бірінші перзентімізге «Айболат» деген есімді айтып жіберіпті. Мен болсам «кейін Айболит деп мазақтайтын болады» деген сылтаумен қарсылығымды білдірдім. Ақыры тұңғышымызды өзбек халқының сол кезде әйгілі болған батырының есіміне сай Рүстем атадық. Қазіре мамандығының батыры болып жүргеніне шүкір деймін. Мирастың есімін әкесі қойса, Мұхамедәли мен Альтаирға есімді ағалары өздері таңдаған. Ата-әжесіне әйтеуір бала болса, ата-анаға баласының ертеңгі келешегіне әсері болатындай сезініп, лайықты атты өздері таңдай білуі қажет. Біз де кейін немерелеріміздің есімін қоюға араласпаймыз. Алыс бағыт-бағдар беруіміз мүмкін, ал шешімін балалар өздері біле жатар.

«АТА-АНАМ ӘНШІ БОЛУДЫ АРМАНДАҒАН»

–Біз үйде төрт ағайынды болып өстік. Үш қыз және бір ұл. Жалғыз келініміз бар. Ата-анамыз қазір Астанада тұрады. Екеуі де құрметті еңбек демалысында. Әкем қарапайым жүргізуші, анам

сатушы болып жұмыс істеген. Бір қызығы, олар жас кезінде әнші болу арманымен Алматыға дейін барған екен. Бірақ отбасын құрған соң ауылда қалып қойған. Өмір бойы ата-ене баққан. Сол орындалмаған арманы ұрпағының алдынан шығып, бүгін ағайынды Жүгінісовтер нағашы ата-әжесінің тілегін орындап отыр.

«ЕР МЕН ӘЙЕЛ БІРДЕЙ БОЛЫП КЕТТІ»

–Жолдасым менің қолдан пісіретін тәтті тағамдарымды жақсы көруші еді. Тіпті, нанды да өзім пісіруші едім. Өкінішке орай, қазір әрі-бері жүгіріп, уақыттың тапшылығынан ас үйден алшақтап кеткенім рас. Заман әйел затының табиғи қасиеттерін азайтып бара жатқандай. Әсіресе кейбір орталарда қызметте жүріп, тұрмыс құрмай қалған әйелдер тіршілігінде еркектің қажеті жоғын айтып отырады. Соларға іштей налимын. Айтайын десем, біреудің өміріне араласқандай боламын. Өмірден түйгені сол болар деп қоясың. Бүгінде еркек пен әйелдің бөліп алар қызметі қалмай қалды ғой. Әйелдер ақша табады, отбасын асырайды, көлік тізгінінде де көбінде әйелдер отырады. Бастысы, бұл жағдайда ерлер майдаланып кетпесе игі. Сол үшін балаларымды нағыз ер азаматқа лайық етіп тәрбиелеуге тырысамыз.

Ұлжан ШОРАЕВА







Нұркен Өтеуілов: Мен үшін идеал адам – әкем!



ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІНІҢ ДАМУЫ ЖОЛЫНДА ТАЛАНТЫ МЕН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІН ТЕК ҚАНА ШЫҢДАП, ОНЫ ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙ ҚАЗЫНАСЫНА АЙНАЛДЫРУ МАҚСАТЫНДА ТАЛМАЙ ЕҢБЕК ЕТІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ӨНЕР ИЕСІ НҰРКЕН ӨТЕУІЛОВТИҢ ОТБАСЫН БҮГІНДЕ ТЕКТІЛІКТІҢ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ ТАНУҒА БОЛАДЫ. ҚАЛИБЕК ҚУАНЫШБАЕВ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЗАҚ МУЗЫКАЛЫҚ ДРАМА ТЕАТРЫНЫҢ КЕЛБЕТІНЕ АЙНАЛҒАН БЕЛДІ АКТЕР АСЫЛ ЖАРЫ АЙНҰР БЕРМҰХАМБЕТОВАМЕН ОТБАСЫ МЕН ӨНЕРДІҢ ОСЫ САЛАСЫНДА ОРТАҚ МҮДДЕЛЕРДІ ТОҒЫСТЫРҒАН БАҚЫТТЫ ЖАНДАР ЕКЕНІ ДАУСЫЗ. ЕНДЕШЕ, ЖҰЛДЫЗДЫ ЖАНҰЯНЫҢ ҮЛГІ ТҰТАР ҚАСИЕТТЕРІН НҰРКЕН ӨТЕУІЛОВТЫҢ СҰХБАТЫНАН ТОЛЫҚ БІЛЕ ОТЫРСАҚ.

– Сахнада көптеген тұлғаның немесе кейіпкердің образын сомдап жүрген жансыз. Ал бәрінен бұрын үйдегі «әкенің» образы қандай?

– Әрине, жұмыстың аты жұмыс. Сахнада сан түрлі мінез, сан түрлі қасиетті образға кіру арқылы көрерменге жеткізіп жатамыз. Олардың бәрі бұйырған рөліңе қарай құбылып отырады. Дегенмен, үйдегі «рөлім» – өзгермейтін, табиғи. Мен отбасы тұтқасын ұстайтын, балаларыммен әңгімелесіп, сырласатын, оларға өнегелі тәлім беретін әке болып қала беремін. Жалпы менің өмірімде идеал тұтатын бірден бір адам ол –әкем. Әкеміз бізге еш уақыт дауыс көтеріп ұрысқан емес. Тәрбиенің негізі шешеміз арқылы келетін. Яғни, «ақырын жүріңдер, әкелерің





ұйықтап жатыр», «мұныңды әкең естімесін» деп әкенің орнын биіктетіп отыратын. Мен де балаларымды анасы арқылы тәрбиелегім келеді. Сондай-ақ, әкеміз қажет кезде қаталдық танытып, басқа кезде еркелетіп, жұмсақтығын бізден аяқ қалған емес. Мысалы, бала кезде құйрыққа тиген қамшының ұшы мен шапалақтың да өз жөні болатын. Сол секілді, мен де екі араны қатар ұстауды жөн санаймын. Алланың қалауымен әкеміз жақында дүние салған еді. Ол кісі ауылда ақсақалдар алқасының төрағасы болып, ел қамын ойлап жүруші еді. Жетпіске таяған шағында дәм-тұзы таусылды, амал не?! Бұл мен үшін ауыр соққы болып тиді. Ендігі кезекте, әкемді үлгі тұта отырып, балаларыма дәл сондай үлгілі әке болсам деймін.



– Жар таңдау мәселесі адамның күллі өмірін, келешекке бағдарын айқындайтын жауапкершілікті қажет етеді. Сіздегі үмітті, сенімді ақтайтындай болашақ жарыңыздың қандай қасиеттері ол кезде ерекше ынтық емті?

– Біз бойымыздағы сабырлылық, көпшіл болып араласа алатын, жайлы мінезімізбен бір-бірімізге қатты ұқсаған сияқтымыз. Бұл ерлі-зайыптылар үшін жақсылықтың нышаны деп білемін. Мені айтқызбай түсіне алатын, сырымды сақтай алатын жанмен Темірбек Жүргенов атындағы өнер академиясында таныстым. Екеуіміз бір топта оқып, бір жатақханада тұрдық. Сабаққа бірге дайындалып, бірге араласып жүргеніміздің соңыдостық пен шынайы сезімге ұласты.

Болашағымыздың бір екенін түсінген соң сөз байласып, жиырма бір жасымызда шаңырақ көтердік. Қазір ол менің балаларымның анасы. Арадағы сыйластығымыз, бір-бірімізге деген жылулығымыз әлі күнге дейін мағынасын, сәнін жоғалтқан емес. Жолдасым да текті, тәрбиелі жердің қызы. Сондықтан болар, біз айтпақ ойымызды қабағымыздан түсініп отырамыз. Біздің жұбымызды жарастырған Жаратқан иемізге шүкірлік айтамын.

– Жанұя болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды деп жатады. Ондайда кім бірінші кішірейеді?

– Әсіресе, жаңадан отау құрған шақта бір-біріміздің түбімізде жатқан мінездер сыртқа шығып, арада реніштер туындаған кездер болған. Кейде бір нәрсеге

келіспей қалатын жағдайлар да орын алады. Бірақ, көп емес. Мұндайда біз ашуды сабырға жеңдіреміз. Қашанда ашу алда, сабыр артта жүреді ғой. Ал біз сабырды алға шығарып, келеңсіз жағдайдан оңай шыға білеміз. Бұл біздің жанұялық ұстанымымыз.

– Жұлдызы жанған екі өнер адамының бір шаңырақ астында өмір сүрудегі қандай артықшылығы мен кемшілігі бар?

– Жұбайым Айнұр Бермұхамбетова да Қалибек Қуанышбаев атындағы драма театрында белді актрисалардың бірі. Екеуіміздің жұмыстағы және үйдегі шаңырағымыз бір. Әдетте біздің рөлдеріміз бір спектакльге дөп түспейді. Сондықтан, бір-біріміздің қойылымымызды сырттан көріп, образдар шықпай немесе басқа жағына ауып бара жатқан кездегі кемшіліктерімізді айтып, түзетіп отырамыз. «Мына жерде қате кетті, онда былай болу керек» деп сынымызды қабылдап, жұта білеміз. Шындық бар жерде жақсылық та болады. Сол себепті бір-бірімізді кәсіби шыңдап, демеп отыратынымызды шын бағалаймын. Кейде екеуіміз де гастрольмен үйде болмауымыз мүмкін. Ондайда тек түсіністік танытып, балаларды қараусыз қалдырмаудың



жолын табамыз. Егер «сен қайда барасың, үйде отыр» деп бірімізді біріміз сөгетін болсақ, бізге бұл мамандықты таңдаудың о баста қажеті жоқ еді. Біз үшін өнер мен өмірде бірге болу – тек жағымды жағынан әсер етеді. Айнұр сахнада халықтың сүйікті әртісі болса, үйде от анасы ретінде өте қарапайым, ас әзірлеп, тіршілік қамын жасайды.

– Үйіңізде ер жетіп келе жатқан екі азаматыңыз бар. Олардың да шығармашылық пен өнерге бейімділігі байқалатын сияқты. Келешекте ұлдарыңызды қандай маман иесі ретінде көресіз?

– Ұлдарымның үлкені он бес жаста, екіншісі он бірде. Екеуінің де өнерге талпынысы, қызығушылығы байқалады. Кенжем қазір «Балапан» арнасында түрлі бағдарламаларды жүргізіп жүр. Тіпті, «Маугли» және «Диснейлендтің» фильмдеріне дубляж жасап, қазірден еңбектеніп келетіні қуантады. Мектепте көптеген ғылыми жобаларға қатысып, өзінің ойлап табатын қасиеттерін де кіші баламның бойынан аңғаруға болады. Дегенмен, келешекте қандай саланы таңдайтынын уақыт көрсетеді деп ойлаймын. Ал үлкенім біраз есейіп қалды ғой. Оның өнер жолында, соның ішінде кинорежиссер мамандығын таңдағанын қалаймын. Қазірден бастап қазақ киносын әлемдік деңгейге танытатын режиссер болуына ой салып, бағыт беріп, демеп отырамын. Сол үшін қазірден бастап ізденіп, соған күш салуына үгіттеймін. Бастысы, әр ата-ана баласының басы аман, бауыры бүтін, тәрбиелі адам болғанын тілейді ғой.





– Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтарға қаншалықты көңіл бөлесіздер?

– Өткенде бір қызық жағдай болды. Балама Шыңғыс Айтматовтың кітабын оқып, түсінбеген сөздердің астын сызып отыруды тапсырдым. Әрбір төртінші сөздің боялғанын көріп, алғашында қапа болғаным рас. Бірақ, біздің кезіміздегі «күнгей, теріскей, тоған, арық, жайлау, қыстау» сынды сөздерді қала тіршілігінде қолданбаған соң, өскелең ұрпақ қайдан білсін?! Жағдайды байыптаған соң балама әр сөзді асықпай түсіндіріп шықтым. Біздің үйде аптасына бір рет Абайдың қара сөзіне талдау жасайтын жақсы дәстүріміз де бар. Қазірден бастап олардың санасына, жүрегіне ұлтымыздың рухани құндылықтарын құйып отырғым келеді. Кезінде атам мені тапжылтпастан, Абайдың өлеңдерін оқытып отыратын. Мен біткенше ойынға асығатынымын. Американдық жазушы Марк Твеннің «Маған 12 жасымда әкем сондай ақымақ көрінуші еді, 21 жасқа келгенде оның қандай ақылды болғанына көзім жетті» деген сөзінің өзінде қандай даналық жатқанын осы орайда тілге

тиек етуге болады. Сол секілді, түсінсе де, түсінбесе де қазірден құлағына құйып отыруды жөн санаймын. Ұлдарымның көп тіл білгенін де қолдаймын. Өйткені, қанша тіл білсе, сонша ұлттың мәдениетін таниды. Дегенмен, іргетасында қазақ ұлтының мәдениеті, тілі, діні мен ділі тұруы тиіс.

– Өнерге келуіңізге не нәрсе түрткі болды?

– Біз ата-анадан алты ағайындымыз. Мен ұлдың кенжесімін. Өзімнен кейін қарындасым бар. Бірақ, бауырларымның ешқайсысы өнерде емес. Әкем ауылда қарапайым тракторшы болатын. Бала кезде мен де сол алып техниканы айдауды армандаушы едім. Өсе келе бала арнамыз ұлғайып, өнерден бір-ақ шығарды ғой. Танымал актер Бекжан Тұрыс біздің ауылдас әрі алыс туысымыз болып келеді. Ол менің өнерге қадам басуыма түрткі болған кісі. Мектепте көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, бір жолы ән шырқап жүргенімді байқап қалса керек. Өнерге деген жас құлшынысымды бағалап, мені осы жолға шақырған болатын. Бекжан ағамыздың бағыт-бағдарымен мамандық таңдаудан қателеспедім. Бүгінге дейін Абай, Гамлет сынды ірі тұлғалардың да





релін сомдадым. Сол арқылы кейде айта алмай жүрген қоғамдағы түйткілді мәселелерді сахнада ұрандатып алатынымыз бар. Бір сөзбен айтқанда, мен мамандығыма шексіз сүйіспеншілікпен берілген жанмын. Театр – менің өмірім.

– Сіздің «Бәйтерек» тобындағы танымалдылығыңызды ескерсек, өміріңізде әншіліктің орны қандай?

– Біз негізінен нағыз эстрадалық әнші емеспіз. Үшеуіміз де бір қазанда қайнап жатқан кәсіби актерміз. Бірақ, әншілік пен актерлікті бөліп-жара да алмаймыз. Қазіргі таңда менің орным театрда болып тұр. Мұхтар Әуезов театрды ақыл мен сезімге нәр беретін орынға балайды. Сол секілді, қазір рухани құндылықтарды халықтың бойына сіңіріп, байыту үшін көп күш салып жатқан жайымыз бар. Алда үлкен-үлкен қойылымдар күтіп тұр. Солардың бәрін өткізген соң «Бәйтерек» тобының жаңа әндеріне ізденісімізді жалғастырып, жаңа қарқынмен тыңдармандарымызбен қауышу жоспары бар.

– Журналымызға айтар жылы лебізіңіз бар ма?

– Отан отбасынан басталады емес пе?! Сондықтан, «Отбасы» деген шағын мемлекетте жүріп жатқан тәрбие ұлтқа әсер етеді. Аты айтып тұрғандай, журналдарыңызда меірімге толы жақсы сұхбаттар көп болсын деп тілеймін.

Сұхбаттасқан Ұлжан ШОРАЕВА



МАХАББАТ АЙДЫНЫНДАҒЫ ӨНЕРЛІ ЖҰП



ҚАЗАҚТЫҢ ӘН ӨНЕРІНЕ ЖАҢАША РЕҢ СЫЙЛАП, ӘУЕЗДІ ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ТЫҢДАРМАҢДАРЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБА БІЛГЕН «АСТАНА» ДУЭТИ БҮГІНДЕ Жұлдызын биікте жарқыратып келеді. Бір ерекшелігі, олардың өнердегі және өмірдегі бүгінгі жұбын жарастырған – шығармашылық. Олай болса, кәсіби білім мен әншіліктен өзге, сазгерлік таланттың шын иелері атанған Нартай Алтай мен Құралай Қырықбаеваның сырлы сұхбатын оқырман назарына ұсынамыз.

– Сіздердің қазір сахнада ғана емес, өмірде де жұптарыңыз жарасқанын білеміз. Махаббат пен шығармашылықтың туын қатар желбіретудің салмағы қандай?

– Құралай: Бізді таныстырып, табыстырған да «құдіретті өнер» деп айтар едім. Алғаш Нартайдың кәсіби ән өңдеуші екенін әріптестерімнен естіп, жаңа туынымды жаздыру мақсатында барғанымда танысқан едім. Маған оның автормен кеңесіп, ұсыныс-пікірлерін еркін жеткізіп, сапалы дүние шығаруға шынайы ниеттілігін білдірген жайдары мінезібірден ұнаған еді. Сөйтіп, біздің өнерге деген

ортақ көзқарасымыз айқындалып, уақыт өткен сайын шығармашылық байланысымыз беки түсті. Концерттерге бірге қатысып, ортақ әндеріміз жазыла бастады. Нәтижесінде, ән құдіреті бізді шырмауықтай шырмап, махаббаттың айдынына бірге жүзгізді. Бүгінгі қазақ эстрадасында ерлі-зайыпты әншілер аз емес. Біз де сол тізімге қосылдық.

– Нартай: Құралай екеуімізде көп ұқсастық байқалады. Біздің өнердегі және өмірдегі талғамымыз бір екеніне кейде тіпті таң қаламын. Ер азамат болсын, әйел заты болсын, гастрольдік сапарлар мен басқа да толып жатқан ізденістерге







жалғыз өзі мойын бұруы өте қиын. Себебі, жаңұ мәселесі ақсап қалуы мүмкін. Ал біздің жағдайымыз бір оқпен екі қоян атқандай – мақсат пен мүддеміз, араласатын ортамыз және талқылайтын тақырыптарымыз бір. Біздің жас айырмашылығымызға қатысты сындар да айтылмай жатқан жоқ. Дегенмен, жанымды ұғып, өнерімді құрметтейтін адал серігімді тауып, бақытты күндерді бастан өткеріп жатқаным үшін Аллаға мың шүкір деймін. Сондықтан, қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда басқаның ой-пікірін емес, басқа қонған бақты бағалау жолын таңдадық.

– Сіздер Тараз қаласында жеке орындаушы ретінде біршама танымал болған екенсіздер. Бірақ ондағы атақ пен абыройды шетке

ысырып, Елордаға біржола қоныс аударуды ұйғардыңыздар. Үлкен шаһарда еңбекті басынан бастау қаншалықты қиынға соқты?

– Құралай: Нартай екеуіміз де кішкентайымыздан қолымызға домбыра ұстап ескен жандармыз. Мен музыкалық училищені, кейін Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан гуманитарлық университетін «орындаушылық шеберлік» мамандығы бойынша тәмамдап, 1998жылы киелі Әулиеата өңірінде еңбек жолымды бастағанмын. Жамбыл облыстық филармониясында біраз жыл қызмет етіп, өнердегі өз жолыма қадам бастым. Бірақ, күндердің бір күнінде Бибігүл есімді құрбымыз Астананың шығармашылық үшін ашатын мол мүмкіндіктеріне иландырып, тәуекел етуге көндірді. Бастапқыда туған жерді жиі сағынып, рухани

күйзеліске түскеніміз рас. Таразда көптен біреу ғана болсақ, мұнда көптің бірі болып күндерді өткіздік. Әйтсе де, уақыт бәріне төрешідегендей, бірнеше жылдың ішінде орта қалыптастырып, еңбек пен табыстың көзін тауып, бүгінде «астаналыққа» айналдық.

– Нартай: Бастысы, барлық қиыншылықты жеңуде Құралай екеуіміз бір-бірімізге жақсы демеу бола білдік. Астананың ілгерілеушілігі шынымен де жоғары. Мен мұнда көптеген танымал кәсіби мамандармен қызметтес болып, ән өңдеу және сазгерлік қасиеттерімді едәуір шыңдай түстім. Оқушылар сарайында өзіміздің сапалы дыбыс жазатын студиямыз бар. Қытымыр қыстың аязына да үйрендік. Бүгінде, Елордаға келгенімізге еш өкінбейміз.

– «Астана» тобының бүгінгі жетістіктері туралы не айтасыздар?

– Нартай: Тобымыздың «Астана» аталуы кездейсоқ емес. Біз ән өнері арқылы жас пен кәрінің ұлттық рухын оятып, еліміздің жүрегі саналатын бас қалаға деген сүйіспеншілікті арттыруды көздедік. Алдымен бұл атты қойған соң, ондағы жауапкершіліктің салмағы басым екенін естен шығарған емеспіз. Наурыз айының басында туған жерге деген сағынышты сәлемімізді арқалап, концерт беріп қайттық. Онда танымал әнші, сазгер Құрмаш Маханов пен «Астана» тобының әндері шырқалса, белгілі ақын Олжас Отар кешті жоғары дәрежеде жүргізді. Сондай-ақ, аудан мен ауыл тұрғындарын да ұмытпай, жер-жерді ән сапарымызбен шарлап шықтық. Халық риза. Үлкендер ақ батасын беріп, туған жерден түлеп ұшқан азаматтарына тілектестіктерін білдіріп жатты. Сонымен қатар, топтың екінші бейнебаяны жарыққа шықты. Қазір қоржынымызда 12-ге жуық авторлық әніміз бар. Оның ішінде, патриоттық әндерден бастап махаббат тақырыбына дейінгі түрлі бағыттар қамтылған. Әндеріміз «Шалқар» радиосындағы ән байқауында үздіктер қатарынан табылып, тыңдармандардың оң бағасына ие болып жүргені де көңіл қуантады. Еңбекпен ғана адам шыңдалады. Сондықтан, ізденісімізді жалғастыра отырып, республиканың басқа да аймақтарында концерт беріп, тыңдармандармен қауышу туралы ой мен мақсаттар жоқ емес.

– Сіздерді әншіліктен өзге, әдемі әндердің авторы ретінде жеке таныстыруға да болады. Екінші бірі сазгер бола білмейтінін ескерсек, сіздер бұл қасиетті қалай дамытып келесіздер?

– Құралай: Иә, әнді орындап шығу бір басқа да, әнді дүниеге әкелу бір басқа. Себебі, ақ қағазға әдемі ноталарды түсіру үшін алдымен жүрек пен сезім керек. Сол сезімді дәл уақытында ыңылдап сыртқа шығара білген жан ғана сазгер атана алады. Бүгінге дейін Нартай қырық шақты әнді өмірге әкелсе, мен жиырмаға жуық әннің авторымын. Одан бөлек, жарыққа шықпағаны қаншама. Біздің әндерімізді жамбылдық әріптестерімізбен қатар, Гаухар Қасқпақова, Әділ Сламхан, Дана Маханбаева, Тахмина Әшімбаева, Райым Уайс сынды өнердегі достарымыз да орындайды. Ең маңыздысы, ән қоржынымызды толтыруда біз еш қиналмаймыз. Қажетті әндерді өзіміз шығарып, сөздерін Олжас Отар, Асқар Дүйсенбі, Мұратхан Ахметбек, Олжас Қасым, Бақытжан Әліқұлов сынды дарынды ақындарға жаздырамыз. Сондай-ақ, басқа сазгерлермен де жұмыс жасаймыз. Мысалы, соңғы кезде Құрмаш Махановтың екі әнін қостық.

– Продюсермен жұмыс жасау қажеттілігі туындамай ма?

– Нартай: Ән таңдау мен жазу, киім тіктіру, концерттерге қатысу мен өзге де жұмыстардың барлығын өзіміз екі жақтап орындап жатамыз. Еңбек еткен адам тәтті жеміске кенеледі емес пе?! Әзірге үлгеріп жатырмыз. Досымжан Таңатаров, Құрмаш Маханов, Индира Расылхан сынды өнердегі аға-әпкелеріміз өздерінің ақыл-кеңестерін жиі айтып отырады. Ал концерт пен түсірілімдерді ұйымдастырып, «Астана» тобының абыройын асқақтату мақсатында бізге бос уақыт қалдырмайтын жақсы продюсер жолықса, ойланатын жағдай, әрине.

– Рахмет, «Астана» тобы асқақтай берсін!

Ұлжан ШОРАЕВА

ВЗГЛЯД ИЗ ДАЛЕКА





В МУЗЫКАЛЬНОМ МИРЕ 70-Х – НАЧАЛЕ 80-Х ГОДОВ В БЫВШЕМ СССР БЫЛО ШИРОКО ИЗВЕСТНО И ПРИЗНАНО ОДНИМ ИЗ ЛУЧШИХ В МИРЕ ФОРТЕПИАННОЕ ТРИО СЕСТЕР НАКИПБЕКОВЫХ. СКРИПАЧКА ЭЛЬВИРА, ПИАНИСТКА ЭЛЕОНОРА И ВИОЛОНЧЕЛИСТКА АЛЬФИЯ, РОДИВШИЕСЯ В КАЗАХСТАНЕ, БЫЛИ ПЕРВЫМИ КАЗАШКАМИ, КОТОРЫЕ С БЛЕСКОМ ОКОНЧИЛИ МОСКОВСКУЮ КОНСЕРВАТОРИЮ И ЗАВОЕВЫВАЛИ РАЗЛИЧНЫЕ НАГРАДЫ НА МЕЖДУНАРОДНЫХ КОНКУРСАХ, КАК В СОСТАВЕ ТРИО, ТАК И ПООДИНОЧКЕ. НО КОГДА В 1981 ГОДУ ВИОЛОНЧЕЛИСТКА АЛЬФИЯ НАКИПБЕКОВА НЕ ВЕРНУЛАСЬ С ГАСТРОЛЕЙ В БРИТАНИИ, ПОПРОСИВ ТАМ ПОЛИТИЧЕСКОГО УБЕЖИЩА, КАРЬЕРА ОСТАВШИХСЯ СЕСТЕР РУХНУЛА. ИХ НЕ ВЫПУСКАЛИ БОЛЬШЕ НА СЦЕНЫ КОНЦЕРТНЫХ ЗАЛОВ, НЕ ВЫПУСКАЛИ ИЗ СТРАНЫ, УНИЧТОЖАЛИ ПЛАСТИНКИ И ДИСКИ С ЗАПИСЯМИ ИХ ВЫСТУПЛЕНИЙ...

Счастливые семьи похожи одна на другую

